

Кенелер

IKAZ.KZ

Сабақтың мақсаты:

Кенелерге жалпы сипаттама бере отырып, олардың негізгі ерекшеліктеріне, көптүрлілігіне, сыртқы құрылысы мен тіршілік ортасына және мінез - құлығына тоқталу. Кенелердің табиғаттағы зияндылығына мән беру. Олар арқылы таралатын ауруларды баяндау.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар кенелердің тіршілік ортасын, паразиттік тіршілік етуін, сыртқы құрылысының ерекшеліктерін және сан алуан түрлерін таниды. Жаңа тақырып бойынша алған теориялық білімдерін практикада қолдана алады, өзін-өзі бағалап, реттей алады

Сабақтың барысы:

I. ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗЕҢІ

A. ШАТТЫҚ ШЕҢБЕРІ

B. ТОПҚА БІРІКТІРУ

C. ТОП БАСШЫЛАРЫН
САЙЛАУ, БАҒАЛАУ ПАРАҒЫН
БЕРУ

Үйге тапсырма:

*1 - тапсырма.
"Сұрақтар
топтамасы"*

Үйге тапсырма:

1 – топ

- 1. Өрмекшітәрізділердің тіршілігі және сыртқы құрылысы қандай?*
- 2. Өрмекшітәрізділердің денесі қандай бөліктерінен тұрады?*

2 – топ

- 1. Өрмекші қалай тыныс алады?*
- 2. Шаршылы өрмекшінің зәр шығару мүшесі қандай?*

3 – топ

- 1. Шаршылы өрмекшінің қоректенуі?*
- 2. Шаршылы өрмекшінің қан айналымы қандай?*

4 – топ

- 1. Шаршылы өрмекшінің көбеюі?*
- 2. Шаршылы өрмекшінің сезім мүшелері қандай түзілген?*

Үйге тапсырма:

*2 - тапсырма.
“Логикалық есеп”*

Есеп

**Баланың жинаған коллекциясында
8 қоңызбен өрмекші бар.**

**Коллекциядағы барлық жәндіктің
аяқтарының саны 64. Қоңыздың 6
аяғы бар десек, коллекцияда неше
қоңыз бен неше өрмекші бар?**

Шешуі:

$$1. 8 * 6 = 48$$

$$2. 64 - 48 = 16$$

$$3. 16 / 8 = 2$$

Жауап: 2 өрмекші

ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ

Қазақ халқы ежелден мал шаруашылығымен айналысқандықтан жан-жануарларға байланысты есімдерді көптеп беріп отырған. Қай қазақ ханының есімі бунақаяқты жәндікке байланысты қойылған?

ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ

Олай болса қазақтың соңғы ханы Кенесары ханның есімінің қойылуы туралы қызық оқиға бүгінгі күнге жетіп отыр. Болашақ хан өте кішкентай болып туылыпты. Шоқай би жаңа туған сәбиді қолына алып: – Өзі кенедей кіп-кішкентай екен, аты Кенесары болсын, – деген екен. Ендеше бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Кенелер – нағыз паразит жәндіктер.



Кенелер туралы мәлімет

Кене (Acarina) – өрмекші тәрізділер класының бір отряды.

Қазақстанда 3 отряд тармағы, 10 тұқымдасы, 58 туысы, 236 түрі бар.

Республиканың барлық өңіріне кең тараған.

Кенелерді зерттейтін ғылым саласы акарология деп аталады.



Кенелердің тіршілік ортасы:

- * **Жер бетінде, теңізде, тұщы суда тіршілік етеді, ал жыртқыш және өсімдікқоректі кенелер жер қыртысында, ормандағы ағаш түбінде, өсімдік бетінде, ін мен ұя ішінде мекендейді. Дене құрылысы, пішіні мен түсі әр түрлі, ұзындығы 1,0 – 30 мм. Жұптасқан 1 – 2 көзі болады, көзсіздері де кездеседі.**
- * **Дернәсілінің 6 (3 жұп) аяғы, ересегінің 8 (4 жұп) аяғы бар. Терісі не кеңірдегі арқылы тыныс алады.**

Кенелердің көбеюі:

Кейбір түрлерінде еркегі мен ұрғашысының жыныс айырмашылығы айқын белгіленген (жыныстық диморфизм). Ұрық шашу не іштей ұрықтану арқылы өсіп-өнеді. Партеногенез (еркек кенелердің қатысынсыз) арқылы да көбейеді. Арасында жұмыртқа салатындары да, тірі туатындары да бар.



Кененің зияны

- * Көпшілік кенелердің медициналық және малдәрігерлік салада мәні бар. Олар бірқатар қауіпті ауруларды ұзақ сақтап, жануарлардан адамға тасымалдауға бейімделгендіктен, адам мен үй хайуанаттарын ауруға шалдықтырады. Астық және ұн қорын ысырап етіп, бүлдіретін де кенелер тобы бар. Кейбір кенелердің паразиттік тіршілік ету әсерінен мәдени өсімдіктердің түсімі кеміп, тіпті өсе алмай қалады. Дегенмен қураған өсімдік қалдықтарын шіріту арқылы топырақ құнарлығын арттыратын, топыраққа тіршілік етегін де кенелер болады. Кенелердің әр түрлі экологиялық ортада тіршілік етуі олардың мекен ету ортасының алуан түрлілігін және биологиялық ерекшеліктерін дәлелдейді. Мысалы, жайылым кенесі, су кенесі, астық кенесі, қамба кенесі, өрмеккене, берішкене, мамықкене, шашкене деген сан алуан топтары бар.

Бейнеролик

Постермен жұмыс:

I топ. Тіршілік ортасы және қоректенуі.

II топ. Кенелердің құрылысындағы негізгі белгілері.

III топ. Кенелердің түрлері.

IV топ. Кенелердің зияны.

Сергіту сәті:

Қызыл өрік

#15

올챙이와

개구리

Сабақты пысықтау:

“Авторға хат”


Үйге тапсырма:

§ 46 215 – 218 бет
Мәтінді оқу

Рефлексия:

«Тақырыпты біз былай түсіндік»





**Назарларыңызға
рахмет!!!**